# Жолдау жаңа міндеттер жүктейді







**Ел президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталған Қазақстан халқына биылғы жолдауын түсіндіру жұмыстары басталып та кетті. Осы мақсаттағы әуелгі жиын қала әкімінің жетекшілігімен, әкім орынбасарлары, қала әкімі аппаратының басшысы, мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдар мен шығармашылық ұжым өкілдерінің қатысуымен өтті.**

Елбасы биылғы жолдауында айтқандай, Қазақстан жаңғырудың екі кезеңін артқа тастап, үшінші белесін бағындырудың алдында тұр. Жолдауды талқылауға арналған жиында қала әкімі осы жайды түсіндіріп өтті.

– Біз Тәуелсіздік тарихының ширек ғасырлық кезеңін сүрінбей жүріп өттік, жаңа дәуірге қадам бастық. Елбасымыздың көреген саясатының арқасында Қазақстанның даму жолы табыстарға толы болды. Бүгінде бұл жетістіктерімізді дүние жүзі мойындап, әлем елдерінің көшбасшылары халықаралық деңгейдегі шараларда жоғары бағасын берді. Тәуелсіз мемлекет құрып, нарықтық экономикаға көшкен бірінші жаңғыру ел ішінде бірлік пен тұрақтылықтың негізін қалауға мүмкіндік берді. «Қазақстан 2030» бағдарламасын қабылдап, жаңа Елорданы салып екінші жаңғыру кезеңінде бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына қосылдық. Үшінші жаңғыруға байланысты бұл жолдау осы уақытқа дейін бағындырған белестерімізді нығайта отырып, жаһандық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін экономикалық өсудің жаңа моделін құруға бағытталған. Мен баршаңызды еліміздің даму жолындағы осындай ауқымды жұмыстарға белсенді атсалысуға шақырамын,- деді Амантай Қазымбекұлы.

Елбасы жолдауын оқып, ой түйген, тыңдап тұрғандар пікір қалыптастырған әр сала өкілдері де мінберден сөз алды. Қостанай облыстық мәслихатының депутаты Дәмеш КОСМУХАМБЕТОВА, қалалық Қоғамдық кеңес төрағасы Арыстан АЙТМАҒАМБЕТОВ, Қазақстан Халқы Ассамблеясының қалалық кеңесінің төрағасы Көшкебай АГУАНОВ және қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі Өркен АЛМАТОВТАР жолдау жолдарын жиналғандарға жан-жақты түсіндіріп берді.

Жолдау жаңа міндеттер жүктейді. Ол дегеніміз бағдарламалық құжатты әуелі қарапайым тілмен халыққа түсіндіріп, жолдауда айтылған жұмыстарды жер-жерде жүзеге асыру деген сөз. Осы мақсатта құрамында мемлекеттік мекеме, оқу орындары басшылары мен жергілікті БАҚ редакторлары бар, бас-аяғы 69 адамнан тұратын қалалық ақпараттық тобы өз жұмысын бастамақ. Амантай БАЛҒАРИН ақпараттық топ алдында түсіндіру жұмыстарынан бөлек, жергілікті жағдайға талдау жасай отырып, жолдаудың Арқалық аймағында жүзеге асуының кезеңдік жұмысын да атқару міндеті тұрғанын айтты.

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ


